

Келісемін: *Жак*

“Аяна” жеке мектепке дейінгі білім беру  
мекемесінің әдіскері: Ж.А.Елемесова

*“Аяздан қорықпаймыз” эстафеталық жарыс.  
(Балдырған кіші тобы мен Ақбота ортаңғы тобы)*



Дайындаған: Дене нұсқаушысы Халимеденов Ж.Ә.  
Адушева А.М.  
Нургалиева Д.А.

**2025-2026 оқу жылы**

ткізу орны: Балабақша ауласы.

**Мақсаты:** Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру. Суық ауа райында шынығудың маңызын түсіндіру. Ептілікке, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Құрал-жабдықтар:** Конустар, доптар, шеңберлер, шана. Музыкалық сүйемелдеу.

**Тәрбиеші:**

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
  - Қыста күн қандай болады?
  - Суықтан қорықпау үшін не істеу керек?
- Балалардың жауаптары тыңдалады.

**Тәрбиеші:**

- Ендеше, біз бүгін «Аяздан қорықпаймыз» атты жарыс өткіземіз!
- Балалар 2 командаға бөлінеді.

**Жылыту жаттығулары**

Қысқы әуенмен жалпы дамыту жаттығулары: «Қолымызды жылыту», «Қар лақтырамыз», «Секіреміз – жылынамыз»

**Эстафеталық ойындар:**

**1-эстафета:** «Қарды жина»

Мақсаты: ептілік

Балалар кезекпен жүгіріп барып, «қарды» (мақта шарын) алып, себетке салады.

**2-эстафета:** «Жылы қолғап»

Мақсаты: дәлдік

Бала қолғапты алып, белгіленген орынға дейін апарып, қайта жүгіріп келеді.

**3-эстафета:** «Шанамен сырғанау»

Мақсаты: тепе-теңдік

Бала шанаға отырады немесе жәшікті сүйреп, белгіге дейін барып қайтады.

**4-эстафета:** «Қар бүршігін өткіз»

Мақсаты: үйлесімділік

Балалар қар бүршігін (допты) шеңбер арқылы өткізіп, келесі балаға береді.

Қорытынды бөлім

Балалар бір қатарға тұрады.

Тәрбиеші:

- Балалар, біз аяздан қорықтық па?
- Қандай жарыс сендерге ұнады?

Барлық балалар мадақталып, «Достық жеңді» деп қорытынды жасалады.

Балаларға шағын жұлдызша немесе смайлик таратылады.